



ГАЗЕТ ЕКІ АЙДА БІР РЕТ ШЫҒАДЫ

92(3) ҚАЗАН – ҚАРАША



«ҚАРТТАРЫМ - АСЫЛ ҚАЗЫНАМ»

Құрметті, Ата-Әжелер!

Үлкенді сыйлау, оларға құрмет көрсету – ата-бабадан келе жатқан салтымыз. Сіздердің өмірлік тәжірибелеріңіз бен ақыл-кеңестеріңіз, тәлім-тағылымдарыңыздың біз үшін орны бөлек. Себебі, әрқайсыларыңыздың облыстың өсіп-өркендеуіне

қосқан үлестеріңіз бен еңбектеріңіз ерен. Талай жасты тәрбиелеп, ізбасарларыңызды өсірдіңіздер. Бүгін, еңбектеріңіздің зейнетін көріп отырған шақта да Сіздер ұрпақтарыңызға игілік пен ізгіліктің, пайым-парасаттың үлгісін танытудан жалыққан емессіздер.

Қарттар күнін атап өтудегі басты мақсат — аз қамтамасыз етілген қарт адамдарға, жалғызбасты қарт зейнеткерлер мен қарт мүгедектерге көңіл бөлу, оларға материалдық, әлеуметтік-тұрмыстық және басқа да көмек түрлерін көрсету болып табылады. Бұл күні біздің елімізде ғана емес, әлемнің түкпір-түкпірінде қарттарға арналған мерекелік іс-шаралар өткізіліп, оқушылар мен студенттердің тарапынан қарияларға көмек көрсетілетін алуан түрлі жобалар ұйымдастырылып, мемлекет тарапынан арнайы жәрдемақылар тағайындалады. Алайда, қарттар үйіндегі жанары жәуітеңдеп, есік пен терезеге телміріп отырған апаларымыз бен аталарымызды бұл жұбата алады ма? Замандастарымыздың тоғыз ай құрсағында көтеріп, дүниеге әкеліп, түн ұйқысын төрт бөліп асыраған анасы мен қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқытпай ержеткізген әкесін қарттар үйіне әкеліп қамауларына не себеп болғандығын кім білсін?

«Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келеді» деген сөз бар. Қарттары бар ел-бақытты ел. Сондықтан ел басына күн туған, қиын-қыстау күндерде халқына сүйеу, жұртына қамқор болатын қарттарымыз қашан да аман болсын!

БҰЛ ШЫҒАРЫЛЫМДА:

Қарттарым — асыл қазынам.

Ұстаздар — мектеп жүрегі.

Кітапхана тынысы

Толағай отбасылық спорттық сайыс

Бала тілі - бал

Оқушылар қаламынан

Өнер беті

Ustazdar— mektep júreqı



Құрметті ұстаздар қауымы!

Сіздерді қазан айында аталып өтетін Мұғалімдер күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Сіздердің

бала көңілдеріңіз әр оқушының жан дүниесін нұрландырып, жүрегіне шапағат нұрын төгуде. Мұғалімнен өнеге-білім алып, өмір теңізіне құлаш ұрған кез келген шәкірт ұстазымен мақтанады. «Мектептің жүрегі», «Бала жанының бағбаны»... Иә, бұл мектеп мұғалімі — ұстазға арналған теңеулер. Мұндай мадақтауларды жалғастыра берсек, даналық сөздер тізбегі шексіздікке ұласады. Мерейлі мерекеде дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, істеріңізге сәттілік тілейміз.

т/б «№92 гимназия» КММ 11сынып оқушылары



Ұстаз

Ұстаз-біздің анамыз!

Ұстаз-біздің данамыз!

Білім беріп жалықпай

Ұстаз біздің жанымыз!

Ұстаздарға гүл сыйлап,

Тілек сыйлап, ән арнап,

Ұстаздарды қуантып,

Айтқан тілін аламыз.

Білімді біз боламыз!

2Б Нұрлан Кәусар



«Маған жақсы мұғалім бәрінен де қымбат, өйткені мұғалім – мектептің жүрегі»

Ыбырай Алтынсарин

«Адамның адамшылығы жақсы ұстаздан болады».

Абай Құнанбаев

«Оқушы жастардың ең сенімді ұстазы, сыр жасырмай ашық айтатын адамы – мұғалім»
Рахит Мүсірепов

«Ұстаз – ұлы есім»
Мұхтар Әуезов




КІТАПХАНА ТҮНЫСЫ

«Интернет – бір күндік, кітап – мәңгілік». Өйткені адамның кітап оқығанда ойлау қабілеті жоғарыласа, интернетте үнемі отырған адамның ойлау қабілеті төмендеп кететіндігі ғалымдардың зерттеуінде



анықталған болатын. Сондықтан ғаламтордан гөрі кітап оқыған дұрыс. Осы орайда 8 -сынып оқушыларымен «Fotobook» ұйымдастырылды. Оқушылар көше орталықтарына шығып, қолдарына кітап алып тамаша фотосессия ұйымдастырды. Шара барысында балаларға интернет пен кітаптың айырмашылығы туралы және интернеттің зияны мен жақсы жақтары туралы түсіндіріліп айтылды.

XXI ғасыр жаңа технологиялар заманы болғанымен, кітап біздің өмірлік азығымыз, үлкен қазынамыз. Сол қазынамыздың арқасында ең атақты, беделді ойшыл ғұламаларымыз әлемге танылған. Сондықтанда жас буын өкілдеріне өз уақыттарын компьютердің алдында өткізбей, кітап арқылы сауаттарын ашып өз ойларын еркін жеткізіп, тіл байлықтарын дамыту қажет, – деп кеңес берді Фарида Дауытқызы. «Интернет орнына кітап» атты шарадан балалар өздеріне қажетті мағлұматтарды алып, ойларын тереңірек дамытты деген ойдамын. Сондықтан, санамызды ғаламторға тәуелді қылмай, кітап оқып, ой-өрісімізді кеңейтейік! Интернет



ТОЛАҒАЙ ОТБАСЫЛЫҚ СПОРТТЫҚ САЙЫС

Отбасы күніне орай гимназиямызда 2-сыныптар арасында ата – аналармен біріккен «Толағай» отбасылық спорттық жарысы ұымдастырылды. Ұымдастыру мақсатымыз: Оқушылардың және ата-аналардың денсаулығы зор, күшті болу үшін денелерін шынықтыру, спортпен айналысуы қажет екендігінің маңызын түсіндіру. Спорттық ойындарды орындата отырып, спортқа деген қызығушылықтарын арттыру. «Болашақ», «Жұлдыздар», «Сұңқарлар» отбасылық командалар белсенділікпен сайысқа атсалысқаны үшін алғысымыз шексіз.




Бала тілі - бал

Біздің тату лагерьда

Біздің тату лагерьда,
Қуанады баршаға,
Біздің дана мұғалімдер,
Және қалған балалар.
Қызықты ойын ойнаймыз,
Ұстаздарды сыйлаймыз.
Кішіге құрмет көрсетіп,
Ережелер сақтаймыз
Викторина сұрақтар,
жаттығулар жасаймыз.
Саяхатқа шығамыз
Бір –бірімізді тыңдаймыз.
Енбаев Жанәділ

Естелік

Біз лагерьде демаламыз,
ойнаймыз
Ойнасақ та қызықтарға
тоймаймыз.
Түрлі сайыс, викторина
жарыстар,
Өте шықты, тез-ақ бірақ,
қимаймыз.
Достарым көп мұнда барлық
сыныптан,
Жүгіреміз, секіреміз,
тынбастан
Жаздың әсем күндерінің
бірінен,
Сақтап қоям, күнделікке,
естелік деп.
Саят
Алихан



Менің атым—Дария
Мақтан етіп мектебімді
Құттықтаймын Ұстаздарды!

Төл мерекелеріңіз
құтты болсын!

ҚҰРМЕТТІ ҰСТАЗДАР!!!

Келе жатқан мерекелеріңіз
құтты болсын! Сіздерге
денсаулық, жемісті еңбек
тілеймін!





ОҚУШЫЛАР ҚАЛАМЫНАН

МЕНИҢ ЖАЗҒЫ ДЕМАЛЫСЫМ

Сабақтың басталып кеткеніне біраз уақыт өтіпті. Барлық достарым, сыныптастарым сабаққа келіп, бәріміз бір-бірімізді көріп, қуандық. Барлығымыз да үш ай демалыста өсіп қалыппыз. Сабаққа келіп бәріміз жазғы демалысымызды қалай өткізгендігіміз туралы бір-бірімізбен бөлістік.

Мен жазғы демалысымды өте қызықты өткіздім. Маусым айында біз ағам екеуміз каратэ, таекван-до, футбол және бассейн үйірмелеріне бардық. Онда мен таекван-додан аттестациялаудан үздік көрсеткіш көрсеткенім үшін қызылсары белбеуді иемдендім. Спортқа біз әкемнің айтуымен көп көңіл бөлсек, анам біздің ағылшын тілінен қосымша сабақтарға барғанымызды қадағалады.

Шілде айында анам мен әкем еңбек демалысына шыққандықтан бізге нағыз серуендеу кезеңі басталды. Біз отбасымызбен жан-жаққа барып жақсы демалдық.

Ең алдымен біз Қарқаралыға барып, ондағы «Шахтер» демалыс үйінде орналастық. Ол жердің табиғаты өте әдемі. Жан-жақтың барлығы орман мен тау, ауасы тап-таза екен. Біз онда орманда серуендеп, тауға шығып, суында шомылдық, жан-жаққа экскурсияға бардық.

Қарқаралының табиғаты өте көркем. Оның қалың орманы мен биік тауларында түрлі жануарлар көп екен. Ұлттық саябақта орналасқан қорығында біз бұғы, марал сияқты жануарларды көрдік. Шайтанкөлге, Үш үңгірге, Қарқаралы қаласындағы мұражайға, Абай Құнанбаевтың әкесі салған мешітке де барып қайттық. Сосын Қарқаралыдағы Бақты ауылындағы туыстарымызға қонақта болдық. Онда біз тауға шығып бүлдірген тердік, Азамат пен Жандаулет ағаларымыздан асық ойнауды үйрендік.

Қарқаралыдан кейін біз Нұрадағы нағашыларымыздың үйіне бардық. Онда біз Нұра өзеніне шомылып, ағам екеуміз балық аулауды нағашымыздан үйрендік.

Шілденің аяғына қарай біз және отбасымызбен араласатын достарымызбен бірге Қырғызстандағы Ыстық көлге барып демалдық. Ол жердің де табиғаты бізге қатты ұнады. Көлдің жан-жағы Тянь-Шань тауларымен қоршалған, ауасы тап-таза, суы терең болғанымен мөп-мөлдір, салқындау екен. Онда біз «Марко Поло» пансионатында орналастық. Ол жерде де біз демалысымызды қызықты өткіздік, себебі онда біз көлге, бассейнге шомылдық, әртүрлі спорттық сайыстарға қатысып сыйлықтар алдық, экскурсияға шықтық. Ыстық көлдің табиғаты да бізге қатты ұнады, себебі тауларында сарқырамалар, түрлі өсімдіктер, ескерткіштер көп екен. Сосын біз Бішкек қаласының жанындағы «Гавайи» демалыс орнында демалып, сол жердегі хайуанаттар бағындағы жануарларды, су қоймасындағы балықтың көп түрлерін көрдік, қайықта жүздік.

Маған жазғы демалысым өте қатты ұнады. Себебі біз отбасымызбен бірге түрлі жерлерге барып, сол жерлердің табиғатын тамашаладық, сол жерлердің тарихымен таныстық. Біз отбасымызбен табиғатта бәріміз бірге демалғанды қатты ұнатамыз.

Жазғы демалыс біз үшін өте қызықты болды, біз көп нәрсені үйрендік. Демалысымыз қызықты болғанымен мен ұстазымды, сыныптастарымды, достарымды қатты сағынғандықтан, сабақтың басталуын асыға күттім.

3 «Б» сынып оқушысы Базарбай Дильназ

Сынып жетекшісі: Н.Р.Хамзина

МЕНИҢ ҰСТАЗЫМ

Менің атым Сабина Накебаева. Мен 2 Б сыныбында оқимын. Біздің сынып жетекшіміз Темиргалиева Сая Жайсановна. Біздің ұстазымыз өте мейірімді, әдемі. Біз мектепке келгенде жылы жүзімен қарсыалады. Мен сабақтан қалғым келмейді, өйткені сабақ өте қызықты өтеді. Ұстазымыз бізге білім береді, «ақылды болындар» деп айтады. Сыныпта неше оқушы болсақ сонша әр-түрлі мінез, тәртіп. Бірақ бәрімізді бір үйдің отбасындай біріктіретін біздің ұстазымыз. Сая Жайсановна - біздің екінші анамыз. Әрқашан бізге қамқорлық жасайды, қателіктеріміз болса, бәрін түсіндіреді. Біз де мұғалімді ренжіткіміз келмейді. Бәріміз жақсы оқуға тырысамыз. Біз мұғалімді сыйлаймыз. Бізге бағыт беретін, ақыл-кеңесін беретін, балалығымызды түсіне білетін жүрегі кең, асыл ұстаз.

НАКЕБАЕВА САБИНА 2 «Б» сынып

Тілім менің –елдігім менің, тірегім

Тіл-ата-баба аманаты. Ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа ұласқан. Әрбір елде өз тілі, өз діні, өз салты бар. Соған орай олар өздерінің ғасырдан ғасырға ұласқан аманатын еш таптатпайды. Бізде өзімізге берілген аманатты дұрыс қадірлей, құрметтей білуіміз керек. Бауыржан Момышұлы атамыз айтқандай «Тілін білмеген-түбін білмейді» деген. Егер де тілім білмесе, расымен ұлттық салтын, жеті атасын білмейді. Сондықтан әр адам ана тілін көзінің қарашығындай ұстауға міндеті. Кәзіргі уақытта қазақ тілі көп елдерге мәлім. Мен өз ана тілімде сөйлеуге әрқашан дайынмын. Берілген аманатты болашақ ұрпаққа таза тіл ретінде жеткізе аламын. Мәңгі даңқың түспесін- Қазақ тілі!

Ана тілің- анаң! Сыйлап өтіндер әрқашан.

3 «Б» сынып оқушысы Әлжанов Ерсұлтан

Сынып жетекшісі: Н.Р.Хамзина

ЕҢ ҚЫЗЫҚТЫ КІТАП

«Кішкентай ханзада» - менің сүйікті кітабым. Бұл ертегіні Антуан Экзюпери 1945 жылы жазған. Керемет, әсерлі және өте әдемі ертегісі - достар, махаббат, қарым-қатынастарды туралы жазылған. Бұл әңгіме мейірімділікке, жауапкершілікке үйретеді. Бұл біздің көптеген назарымызды бүгінгі күнге дейін қаншалықты жетіспейтініне - кез-келген ақшаға сатып ала алмайтын шынайы құндылықтарға аударады; «жүрекпен қарау» қаншалықты маңызды екенің білдіреді.

Кішкентай ханзада туралы әңгіме маған әлемді балалар мен ересектердің түрлі жолдарымен көруге болатынын айтады. Бала түсті болғанда, ересектер қоршаған айналаны басқа түрде бағалайды. Ересектер көпнесе цифрмен және фактымен бағалайды – кім қанша ақша табады, кімнің мәртебесі жоғары деген дей. Өте қызықты ертегі. Көптеген нәрселерге назарымды аударады. Барлығымыздың өз әлеміміз бар, сондықтан біз өмір сүріп жатырмыз. Суретте біреуі шляпаны, ал екіншісі - пілді көреді. Балалар өмірді ойнайды, ал ересектер өмір сүреді. Егер баланың бірдеңесі болмаса, ол оны ойда шығарады. Ал ересек – «Бұл мүмкін емес» -, дейді..

Достық, сүйіспеншілік, махаббат - біздің өміріміздегіден де маңызды, ештеңе жоқ

Бұл ертегінің әрбір фразасы өте терең. «Біз өз қарамағымыздағы жандарға жауаптымыз» - Мы в ответе за тех, кого приручили – деген ұран, қазіргі заманға өте маңызды. Ең бастысы - достықта немесе жақын адамдарда адалдық пен қарауға апарады. Әрбір ересек адамның жүрегі - әрдайым кішкентай бала.

Адамның бақытты болуы - адамның қуанышында - күн сәулесінде, үйді тазартуда, өсіп келе жатқан гүлдерде. Бірақ біз бұл бақытты жоғалтып алғанын жиі түсінеміз. Бұл менің ойымша, ертегінің басты сабағы.

Кішкентай ханзада туралы Антуан де Сент-Экзюперидің ертегісі өте ашық және қызықты кітап.

3 «Б» сынып оқушысы Үсен Данат

Сынып жетекшісі: Н.Р.Хамзина



Gymnasium news

ÓNER BETI

Құттықтаймыз!

Бәрін білгім келеді



ИСИНА АЙШАБИЫ 8 «Ә» сынып оқушысы

«Жас қанат Жастар» Халықаралық фестивалінің 1-орын иегері;
«Үздік патриоттық ән» республикалық байқауның I дәрежелі дипломымен Үздік деп танылған иегері;
«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру шеңберінде ҚР Тәуелсіздік күніне арналған «Атамекен-ай» қалалық әндер байқауының жеңімпазы.




ҚАЙЫРБЕКОВ САНЖАР 3 «Б» сынып оқушысы

«Ақжелкен» II Халықаралық балалар және жасөспірімдер фестиваль-байқауының 1 және 2- лауреат жеңімпазы иегері;
«Startrek» II Халықаралық фестиваль-байқауының II лауреат жеңімпазы.



Менің атым—Дамир. Мен 1-сыныпта оқимын. «Байтерек» балабақшасында Жанар апайымның үйірмесіне қатысып, «Lego» конструкторына көп қызыға ойнай бастадым. Апайыммен бірге роботтарды, машиналарды құрастырдық. Биылғы жылы қаламызда өткізілген Халықаралық «RoboLand-2019» фестиваліне қатысып жеңімпаз болдым. Оған еліміздің және шет елдерінен келген көп командалар қатысты. Досым Слава екеуміз бұл жеңісті қолдан жібермедік. Роботтехникада өзіміздің жетістіктерімізді көрсетуге ұмтылудамыз. Досым Славамен болашақта осы бағытта жалғастырып, үлкен маман иесі болуды армандаймыз.

BALGYN BOIAÝ SHEBERLERI



"Менің жазғы демалысым" ФОТОЭТЮД

Меншік иесі: №92 ГИМНАЗИЯ»КММ Бас директоры Қ.Т.Сейтимбетова	Бас директордың шығармашыл ық жөніндегі орынбасары Ш.Ө.Алиева	Бас редактор Ф.Д.Абдугалиева Тілшілер Ж.С.Тлеубергенова	Көркемдеуші- дизайнер Б.К.Абылкаиров Жауапты хатшы Әбенев Бекнияз	Корректорлар «Жас Ұлан» мүшелері; 9 «Б» сынып	Мекен - жайымыз Ерубаева 43А e-mail: sch92@kargoo.kz Байланыс телефондары: 8(72-12)47-92-39
---	--	--	--	--	---